Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

20 маусым 2025 жыл іс №7119-25-00-2-5829 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ

ЖАУАПКЕРЛЕР:
ЖК «Алаис» Салканова Галия Бостановна
ЖК «Айсулу» Токсанбаев Сакен Чалибекович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
2025 жылғы 11 ақпандағы №163 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша Алаис жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2025 жылғы 07 наурыздағы №228 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша Айсулу жеке кәсіпкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ жауапкер ЖК «Айсулу» Токсанбаев Сакен Чалибековичке мемлекеттік сатып-алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Талап қоюшы «Ұлттық нейрохирургия орталығы» АҚ жауапкер ЖК «Алаис» Салканова Галия Бостановнаға мемлекеттік сатып-алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

ЖК «Алаис» Салканова Галия Бостановна мемлекеттік сатып-алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

1126
17 09 25
2

ЖК «Алаис» Салканова Галия Бостановнадан мемлекет пайдасына 1966 теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 20.06.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.07.2025, судья Нурсапинов Н. С., 07.08.2025